

**Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : **ЖШС"Little Baby"балабақшасы**

Топ: «**Кыран**» орта топ

Балалардың жасы: **3-4 жастан**

Жоспардың құрылу кезеңі: **қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы.**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Қыркүйек	Музыка	<ul style="list-style-type: none"><li>- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;</li><li>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;</li><li>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу;</li></ul> <p><b>Музыка тыңдау.</b> Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажыратада білу.</p> <p><b>Ән айту.</b> Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен бұындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ыргақтық қимылдар.</b> Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шенбер бойынша қол ұстасып журу және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p>